

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 ақпан N 315. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 264 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 14, 143-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік білім тапсырысының негізінде жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік білім тапсырысының негізінде жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастыру процесін реттеу оларға түсетін адамдарға қойылатын талаптардың біркелкілігін және халықтың барлық жіктері үшін жоғары кәсіби білімге қол жетімділіктің бірдей мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:";

мәтіндегі "Ғылым және жоғары білім министрлігі", "Ғылым және жоғары білім министрлігінің" деген сөздер тиісінше "Білім және ғылым министрлігі", "Білім және ғылым министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасында:

бірінші абзацындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын, "арқылы" деген сөзден кейін "мемлекеттік білім тапсырысының негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацындағы "жоғары оқу орнын" деген сөздердің алдынан меншік нысандарына қарамастан және мемлекеттік аттестациядан өткен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

3) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

6 және 10-тармақтардағы "Ғылым және жоғары білім министрлігі", "Ғылым және жоғары білім министрлігінің" деген сөздер "Білім және ғылым министрлігі", "Білім және ғылым министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы

29 ақпандағы N 315

қаулысына қосымша

"Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

24 сәуірдегі N 464

қаулысына 1-қосымша

**Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа моделіне  
көшуді ұйымдастыру жөніндегі республикалық комиссияның  
құрамы**

Көшербаев Қырымбек - Қазақстан Республикасының Білім  
Елеуұлы және ғылым министрі, төраға

Ахметов Әшімжан - Қазақстан Республикасының Білім және  
Сүлейменұлы ғылым вице-министрі, төрағаның  
орынбасары

Әбжаппаров Әбдімтәліп - Қазақстан Республикасының Білім  
Әбжаппарұлы және ғылым министрлігі Жоғары білім  
департаментінің директоры, хатшы

Комиссия мүшелері:

Амантаева Майра - "Қазақстан Республикасының Білім  
Тұрғанқызы және ғылым қызметкерлерінің  
кәсіподағы" қоғамдық  
бірлестігінің төрайымы (келісім

бойынша)

Арын Ерлан - Қазақстан Республикасының Білім  
Мұхтарұлы және ғылым бірінші вице-министрі

Бектұрғанов Нұралы - Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
Сұлтанұлы ақпарат және қоғамдық келісім  
вице-министрі

Жәмішев Болат - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Бидахметұлы бірінші вице-министрі

- Жұрынов Мұрат - Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық  
Жұрынұлы Қазақ-Түрік университетінің ректоры  
(келісім бойынша)
- Нұрбеков Қосбасар - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Болатбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының  
бірінші орынбасары (келісім  
бойынша)
- Назарбаева Дариға - "Хабар" телекомпаниясының президенті  
Нұрсұлтанқызы (келісім бойынша)
- Нәрібаев Көпжасар - Әл-Фараби атындағы қазақ  
Нәрібайұлы мемлекеттік ұлттық университетінің  
ректоры (келісім бойынша)
- Садықов Тоқмұхамед - Абай атындағы Алматы мемлекеттік  
Сәлменұлы университетінің ректоры (келісім  
бойынша)
- Сәрсеков Бексұлтан - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Сәрсекұлы вице-министрі".